

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Шымкент қалалық мәслихатының 2007 жылғы 24 шілдедегі N 41/413-3с шешімі. Шымкент қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 31 шілдеде N 14-1-59 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 58/449-5с шешімімен

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды – Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 17.03.2016 № 58/449-5с шешімімен.

Шымкент қаласы әкімдігінің бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Заңының 10 бабын басшылыққа алып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, көліктің, инфрақұрылым объектілерінің толассыз жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды Шымкент қаласында өткізу орны мекен жай бойынша: Шымкент қаласы Абай саябағының "Даңқ" мемориалы алдындағы алаңша, "Асбестоцемент комбинаты" акционерлік қоғамының алдындағы алаңша және "Наурыз" алаңы болып белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 27.03.2015 № 46/331-5с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Бұл шешім "Шымкент келбеті" және "Панорама Шымкента" газеттерінде ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік мерзімнен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

Н. Бекназаров

К. Халметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК